## Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорынан қаражат төлеудің тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 342.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорынан қаражат төлеудің тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы<br>Үкіметінің<br>1998 жылғы 15 сәуірдегі<br>N 342 қаулысымен<br>бекітілген

## Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорынан қаражат төлеудің ТӘРТІБІ

Осы Тәртіп "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қоры туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1590 қаулысына сәйкес әзірленді және қоса беріліп отырған сметаға сәйкес қаражатты қайтарымсыз негізде берудің тетіктері мен шарттарын айқындайды.

## I. Асыл тұқымдандыру ісін дамытуда және өсірудің озық технологияларын қолдануда ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау

1) Асыл тұқымдандыру ісін дамытуда ауыл шаруашылығы өндірушілерін қаржылық қолдау

Асыл тұқымды малды өсіруге арналған қаражат меншіктің барлық нысандарындағы және ведомстволық бағыныстағы асыл тұқымды мал шаруашылықтарына ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін асыл тұқымды малмен, өндірушілерді ауыл шаруашылығы жануарларының ұрығымен, асыл тұқымдық мақсатқа арналған жұмыртқамен қамтамасыз ету мақсатында айналым қаражатын толықтыру үшін бөлінеді.

Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорынан (бұдан әрі - Қор) айналым қаражатын толықтыруға арналып бөлінетін сомалар әрбір ауыл шаруашылығы құралымы бойынша Қор ағымдағы жыл үшін белгілеген шекте, ауыл

шаруашылығы өндірушілерінің өткізген өнімінің көлеміне және олардағы асыл тұқымды аналық мал басының болуына (1 сынып пен элита, ал қаракөл тұқымының аналық қойлары үшін - тек элита сыныбы) қарай анықталады.

Қаражатты есептеу үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:

а) асыл тұқымдандыру мақсатында отандық ауыл шаруашылығы құралымдарына асыл тұқымды малды, ұрықтарды, жұмыртқаны сатқан кезде:

асыл тұқымды тірі малдың тонна салмағы үшін: теңге

ірі қара 14335

қой мен ешкі 15936

(жүні ашық түсті және австралия мериносы

тұқымды қойлардан басқасы)

шошқа 20849

жылқы 16500

ұрықтың үлесіне:

бұқа ұрығы 44

қошқар ұрығы:

отандық тұқым 20

австралия мериносының тұқымы 75

жүні ашық түсті қылшықты және

жартылай қылшықты тұқымдар 50

жұмыртқалар (1 мың данасы үшін) 15000

б) жылына 1 бас асыл тұқымды ұрғашы малды ұстау үшін:

теңге

сиыр 2170

отандық саулық қойлар 380

австралия мериносы тұқымды саулық 830

мегежін 520

бие:

үйірдегісі 1500

қолдағысы 3000

інген 1850

маралдар мен бұғылар 1850

1 ара үйіріне 200

"Асыл" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Асыл" АҚ) қарайтын асыл тұқымды шаруашылықтарда асыл тұқымдандыру мақсатында асыл тұқымды малды, ұрықты және жұмыртқаны сатқаны үшін және ұрғашы жоғары сыныпты малды ұстауға қаражат алу үшін, асыл тұқымдандыру жөніндегі облыстық акционерлік қоғамдар әрбір айдың 10-ы күніне дейін "Асыл" АҚ-ға (олармен келісе отырып) белгіленген нысан бойынша анықтама тапсырады (1-5-қосымшалар). "Асыл" АҚ Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаментімен келісе отырып Қорға жиынтық анықтама тапсырады, ол тиесілі соманы "Асыл" АҚ-ның шотына, ал соңғысы асыл тұқымдандыру ісі жөніндегі акционерлік қоғамдарға және асыл тұқымды шаруашылықтарға аударады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен, қаржылық қолдау алуға құқығы бар асыл тұқымды шаруашылықтар тізбесіне енген, асыл тұқымды малдың аз санды бірегей тұқымдарын өсірумен шұғылданатын, басқа заңды тұлғалардың асыл тұқымды шаруашылықтары жоғары сыныпты ұрғашы малды ұстауға қаржылық көмек алу үшін әрбір айдың 10-ы күніне дейін белгіленген нысандағы (3-қосымша) анықтаманы - Қордың облыстық бөлімшелеріне, ал облыстық бөлімшелер облыс бойынша жиынтық анықтаманы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаментіне өткізеді, ол бұларды тексеріп, Қорға төлеуге тапсырады. Асыл тұқымды шаруашылықтарға тиесілі соманы Қор облыстық бөлімшелерге немесе тікелей шаруашылықтарға аударады.

в) жануарларды сауықтыруға:

ауыл шаруашылығы жануарларын сауықтыруға арналған қаражат тендерде жеңіп шыққан ұйымдар арқылы, Ауылшарминінің малдәрігерлігі комитетінің ұсынысы бойынша дезинфекциялау құралдарын, "ДУК" дезинфекциялау қондырғыларын және " Жедел малдәрігерлік көмек" арнаулы автомашиналарын сатып алуға бөлінеді.

Бөлінген қаражатты пайдалану туралы тоқсан сайын Қорға есеп беріліп отырады.

**2)** Австралия мериносы тұқымы қойларын өсіруге

а) Австралия мериносы тұқымы қойларын Австралиядан сатып алуға

Австралия мериносы тұқымы қойларын Австралиядан сатып алу үшін Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының тұқымкөбейткішіне өтемсіз негізде Қордың қаражаты есебінен қаржы бөлінеді.

Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының тұқымкөбейткіші Ауылшарминінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаментіне бизнес-жоспары бар өтініш береді, ол мұны тексеруден өткізген соң, Қордың қарауына және төленуіне жібереді.

Қордың Австралиядан қойларды сатып алуға ақы төлеуі іс жүзінде тапсырылған құжаттар бойынша жүргізіледі, бірақ бұл 1 бас үшін 2,2 мың АҚШ долларынан аспауға тиіс.

Қойлар белгіленген лимиттен артық сатып алынған жағдайда артық бас үшін ақша қаражаты төленбейді.

б) Өзі өсірген Австралия мериносы тұқымы (таза қанды) қойларын және олардың ұрықтарын сатуға

Австралияландыруды жүргізу бағдарламасына сәйкес Ауылшармині бекіткен тізбеге сай, өзі өсірген Австралия мериносы тұқымының таза қанды қойлары мен олардың ұрықтары Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының

тұқымкөбейткішінен қайтарымсыз негізде, Қор қаражаты есебінен жетекші асыл тұқымды шаруашылықтар мен фермаларға беріледі.

Берілген Австралия қойлары мен өткізілген ұрық үшін шығындарды өтеуге қаражат алу үшін, Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының тұқымкөбейткіші Австралия мериносы тұқымды таза қанды қойларды және олардың ұрығын асыл тұқымдық торап шаруашылықтарына бергені туралы анықтаманы (N 1, 2 қосымшалар) әр бір тоқсанның 10-ы күніне дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаментіне береді, ол мұны тексерген соң Қорға төлеуге тапсырады. Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының тұқымкөбейткішіне тиесілі сомаларды аудару: қойдың 1 басына - 50,0 мың теңге және оның өлшем бірлігіне - 75 теңге есебі бойынша жүргізіледі.

**3)** Ашық түсті, қылшықты және жартылай қылшық жүнді қойларды сатқаны үшін

Ашық түсті қылшықты және жартылай қылшық жүнді қойлардың қошқарларын ауыл шаруашылығы өндірушілеріне сатқан кезде асыл тұқымды шаруашылықтарының шығындарына Қор әрбір қошқар үшін 2000 теңге есебінен өтем жасайды.

Ашық түсті, қылшықты және жартылай қылшық жүнді қойларды сатқаны үшін тиесілі қаражатты алу үшін, асыл тұқымды шаруашылықтар әрбір айдың 10-ы күніне дейін белгіленген нысандағы анықтаманы (5-қосымша) Қордың облыстық бөлімшелеріне тапсырады.

Қордың облыстық бөлімшесі Қорға облыс бойынша жиынтық анықтама тапсырады, ол тиесілі соманы Қордың облыстық бөлімшелері шотына, ал бөлімшелер өз кезегінде - жүні ашық түсті қойларды өткізген асыл тұқымды шаруашылықтарға тапсырады. Қор асыл тұқымды шаруашылықтарға төлемді тікелей жүзеге асыра алады.

**4)** Мамандандырылған асыл тұқымды құс өсіруші шаруашылықтарға арналған құрама жемді арзандату үшін

Мамандандырылған асыл тұқымды құс өсіруші шаруашылықтарға құстардың санына қарай, Ауылшармині бекіткен тізімге сәйкес, асыл тұқымдандыру мақсатында сатып алынған және пайдаланылған құрама жемнің әрбір тоннасы үшін 5000 теңге есебінен қаржылық көмек көрсетіледі.

Бұл қаражатты алу үшін Қордың облыстық бөлімшелері әрбір айдың 10-ы күні құрама жемді сатып алу және пайдалану туралы бекітілген нысандағы (6-қосымша) анықтаманы Ауылшарминінің Мал шаруашылығы басқармасына тапсырады. Анықтама тексерілген соң Қорға төлеуге өткізіледі, ал ол тиесілі қаржылық көмектің сомасын тікелей құс өсіруші шаруашылықтарға аударады.

## II. Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қой шаруашылығын дамытуға қаржылық көмек көрсету

1) Жүн өткізгені үшін қой өсіруші және түйе өсіруші шаруашылықтарға қаржылық көмек

Ауылшармині бекіткен тізімге сәйкес, өндіруші-кәсіпорындарға - жүнді алғаш өңдейтін фабрикаларға, дайындау ұйымдарына, өңдеуші және қызмет көрсетуші ұйымдарға жүн өткізгені, сондай-ақ оны алыс-беріс жағдайларында өткізгені үшін, ал республикадан тыс жерлерге, коммерциялық құрылымдарды қоса - қылшықты және жартылай қылшық жүн өткізгені үшін ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қаржылық көмек бөлінеді.

Жоғарыда аталған ұйымдарға өткізген кезде таза жүннің шығымын анықтау үшін аймақтық жүн ғылыми-зерттеу лабораторияларының деректерін басшылыққа алу, ал олар болмаған жағдайда, соңғы 5 жылдағы жүнді алғаш өңдеу фабрикасының қабылдау-тапсыру актілерінің, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бекіткен, орташа статистикалық деректерін басшылыққа алу ұсынылады.

Қаражатты алу үшін шаруашылықтар сатып алушыларды, ал қылшықты және жартылай қылшық жүн үшін - жүннің түсін көрсете отырып, жүннің өндірілуі, қозғалысы және өткізілуі туралы өткен ай үшін анықтама мен оны растайтын құжаттарды (7 қосымша) - Қордың облыстық бөлімдеріне келесі айдың 5-іне дейін, олар өткен ай үшін жиынтық анықтаманы ұсынылып отырған нысан бойынша (8-қосымша) - Қорға тапсырады.

Қор тапсырылған материалдарды қарап, өткізілген жүн үшін тиесілі соманы Қордың облыстық бөлімшелеріне аударады, ал соңғылары оларды тікелей ауыл шаруашылығы өндірушілеріне жіберуді жүзеге асырады.

Қой және түйе өсіретін шаруашылықтарға қаржылық көмекті төлеу мынадай есептен жүргізіледі:

өткізілген таза талшықты жүннің 1 кг. үшін:

биязы және жартылай биязы 40 теңге

қылшықты және жартылай қылшық ашық түсті 55 теңге

қылшықты және жартылай қылшық ақ

және ашық түсті 70 теңге

түйе жүні 50 теңге

Жүннің жұлынған, сылынған, ұйысқан, былғанған, төмен сорттарына қаржы қаражаты бөлінбейді.

**2)** қаракөл елтірілерін өткізгені үшін қаржылық көмек

Ауылшармині бекіткен тізімге сәйкес отандық өңдеу және дайындаушы ұйымдарға, коммерциялық құрылымдарды қоса, әрбір өткізілген бірінші сортты қаракөл елтірісі үшін 100 теңге есебінен тікелей тауар өндірушілерге қаракөл елтірілерін өткізуі үшін қаржылық көмек көрсетіледі.

Қаракөлдің басқа сорттарына қаржылық көмек бөлінбейді.

Қордың облыстық бөлімшелері қаракөл елтірілерінің өндірілуі және қозғалысы туралы белгіленген нысан бойынша (9-қосымша) анықтаманы және тиесілі қаржылық көмек сомасының есептемесін, сондай-ақ жоғарыда аталған кәсіпорындарға қаракөл елтірілерін тауар өндірушілердің өткізгенін растайтын құжаттарды - Ауылшарминінің Мал шаруашылығы басқармасына, ал соңғысы - Қорға тапсырады.

Қор тапсырылған материалдарды қарап, ақшалай қаражатты тікелей ауыл шаруашылығы өндірушілеріне аударады.

## III. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің озық технологияларын өндіріске қолдануда ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау

1) Минералдық тыңайтқыштарды сатып алу жөнінде ауыл шаруашылығы өндірушілерін қаржылық қолдау

Қор суармалы жерге және тұқымдық алқаптарға сіңірілген минералдық тыңайтқыштардың құнының 50%-іне дейін өтем жасайды.

Отандық дайындаушы зауыттар өндірген минералдық тыңайтқыштарды беруді зауыттардың өздері, немесе тендерді ұтып алған берушілер арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір облысқа минералдық тыңайтқыштарды түр-түрімен берудің көлемін Ауылшарминінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаменті облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына (департаменттеріне) минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға өтініш берген ауыл шаруашылығы құрылымдарының тізбесі негізінде анықтайды.

Берушілер мен тапсырысшылар арасында жасалған, Ауылшарминімен келісілген шарттар бойынша берушілер өздері өндірген минералдық тыңайтқыштарды ауыл шаруашылығы өндірушілеріне жібереді.

Қор минералдық тыңайтқыштарды сатып алу жөніндегі шығындардың 50%-іне дейін өтеуге арналған қаражатты берушіге бөледі. Минералдық тыңайтқыштар беруді жүзеге асыратын отандық дайындаушы зауыттарға тыңайтқыш құнының 30%-іне дейін аванс беруге рұқсат етіледі.

Беруші ауыл шаруашылығы өндірушілеріне минералдық тыңайтқыштарды 50%-ке дейін арзандатылған құны бойынша сатады.

Берушіден химбазаға дейін минералдық тыңайтқыштарды тасу жөніндегі берушінің шығыстарының мөлшері Ауылшарминімен келісілген үстеме баға есебінен өтеледі. Минералдық тыңайтқыштарды химбазадан қолдану орнына дейін тасымалдаудың көліктік шығыстарын ауыл шаруашылығы өндірушілері іс жүзінде шыққан шығыстар бойынша бөлек ұсынады.

Қордың облыстық бөлімшесі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен ( департаментімен) бірлесіп, аудан мен облыс мамандары арасынан комиссия құрады, ол

тыңайтқыштардың енгізілу фактісін және химбазадағы олардың қалдығын тексереді, бұл актімен расталады.

Беруші, Ауылшарминінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаментінде қаралған, пайдаланылған қаражатты есепке алу үшін актілерді Қорға тапсырады.

Беруші ай сайын, әрбір айдың 10-ынан кешіктірмей, минералдық тыңайтқыштардың қолданылуы туралы нысан бойынша (10-қосымша) анықтама тапсырады.

**2)** Өсімдіктерді қорғау қаражаты

Өсімдіктерді қорғау құралдарының және өсімдіктердің ерекше қауіпті зиянкестерімен, ауруларымен күрес жүргізу жөніндегі уақтылы шараларды жүргізудің қол жетерлік бағасын қамтамасыз ету мақсатында, Қор өсімдіктерді қорғау құралдарының құнын арзандату үшін қаражат бөледі.

Өсімдіктерді қорғау құралдарын берудің көлемдерін, олардың түр-түрі мен бағаларын ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өтініштері негізінде Ауылшарминінің тендерлік комиссиясы айқындайды және ол Қор мен тендерді ұтып алған өсімдіктерді қорғау құралдарын беруші-фирма арасындағы шартпен бекітіледі.

Қор Қазақстан Республикасында өндірілетін улағыштардың топтары бойынша берушілердің шоттарына пестицидтердің құнын арзандатуға арналған қаражаттардың 50%-ін, ал шетелдік фирмаларда жинақталғанының - ҚҚС қоса, 40%-ін, Қазақстан Республикасында өндірілетін өзге пестицидтер бойынша - 40%-ін, ал шетелдік фирмаларда жинақталғанының - ҚҚС қоса, 30%-ін аударады, жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде өсімдіктерді қорғау құралдарын арзандату 100 процентке дейін жүргізілуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы өндірушілері бұл пестицидтерді алдын ала төлеу жағдайында арзандатылған бағалар бойынша сатып алады, оларда қаражат болмаған жағдайда, беруші, пестицидтерді жасалған шарттардың негізінде ағымдағы жылдың астығы үшін жібереді.

Қордың облыстық бөлімшелері шарттардың көшірмелерін қоса отырып, пестицидтерді тұтынушылардың жиынтық ведомосын жасайды және соңғы тұтынушылардың пестицидтерді қолданған фактісін растау үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына (департаментіне) және облыстық өсімдіктерді қорғау станциясына оларды тексеруге тапсырады, бұл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (департаменті) жанында құрылған комиссияның актісімен бекітілуі тиіс.

Әрбір облысқа өсімдіктерді қорғау құралдарын түр-түрімен берудің көлемін республикалық өсімдіктерді қорғау станциясы берген пестицидтерді тұтыну есептемесінің және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өтініштері негізінде жинақталған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының (департаментінің) өтініштері негізінде Ауылшарминінің Маркетинг және инвестициялар департаменті айқындайды.

Ауылшарминінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаменті мен республикалық өсімдіктерді қорғау станциясы қараған және бекіткен актілер Қорға төлеу үшін тапсырылады.

Қордың тұтынылған препараттар үшін соманың 30%-іне дейін отандық препарат өндірушілерге аванс беруге құқығы бар. Біржола ақы төлеу әрбір шаруашылықтан препараттың қолданылғанын растайтын құжаттардың тапсырылуы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 2) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіменітнің 1998.11.04 N 1126 қаулысымен .

**3)** Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығын дамытуда ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау

Ауылшармині элиталық тұқымдар өндіретін шаруашылықтардың тізбесін айқындайды. <*>

Қор дәнді дақыл, картоп, қант қызылшасы элитасының, жүгерінің аналық нысандары мен будандарының, майлы дақылдар элитасының, көпжылдық шөптер ұрығы элитасының тұқымдарын өндіруге жұмсалған шығындарды өтеу үшін элиталық-тұқымдық шаруашылықтарға қаражат бөледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдарын өндіретін шаруашылықтар, қаражатты алу үшін, облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары ( департаменттері) арқылы Ауылшарминінің Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту департаментіне 1 шілдеге дейін белгіленген нысанда (11-13-қосымшалар) анықтамалар, соңғылары - Қорға жиынтық анықтама тапсырады, ал ол тиесілі соманы Қордың облыстық бөлімшелеріне аударады. Қордың облыстық бөлімшелері қаражатты элиталық тұқым шаруашылықтарына аударады.

Қордан элиталық шаруашылықтарға бөлінетін қаражаттың көлемі Ауылшармині әрбір элитарлық шаруашылықтар бойынша пысықтаған, лимиттің шегінде шаруашылықтарға өткізілген элиталық тұқымдардың көлемінен, сондай-ақ әрбір элиталық шаруашылықтың тұқымдарды пайдалану фактісі бойынша белгіленеді.

Қаражаттың тұтынымын есептеген кезде мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

(1 тонна үшін мың теңге)

* дәнді дақылдардың элиталық тұқымдары 10,0
* жүгері будандары аналық нысанының тұқымдары 90,0
* күнбағыс элитасы 15,0
* картоптың элиталық тұқымдары 15,0
* қант қызылшасының элитасы 800,0
* көп жылдық шөптердің элитасы 30,0

ЕСКЕРТУ. 3)-тармақша өзгерді - ҚРҮ-нің 2003.06.27. N 623 қаулысымен .

**IҮ. Ауылда шағын және орта агробизнесті дамытуға қаржылық көмек көрсету**

Шағын және орта агробизнеске арналған қаражатты жоғары түсімді селекцияларды алу мақсатында элиталық тұқымдарды, асыл тұқымды малды және аталықтардың ұрығын ауыл шаруашылығы құралымдары ғана ала алады.

Қор шаруашылықтар сатып алған тұқымдардың, асыл тұқымды малдың және аталықтардың сатып алынған құнының 30%-ін өтейді.

Шағын және орта бизнесті дамытуға арналған қаражаттарды беру тендерлік негізде , аталған мақсаттарға арналған шығыстар сметасының шегінде жүргізіледі. Тендерді Ауылшармині мен Қордың комиссиясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген тендерді жүргізудің тәртібіне сәйкес өткізуде. Қордың облыстық бөлімшесі келген өтініштерді тіркейді, тапсырылған жобаларды қарайды және өз қорытындыларымен оны тендерлік комиссияның қарауына тапсырады .

Ауылда шағын және орта бизнесті дамытуға қаражат бөлуді тендерлік комиссияның оң қорытындысын алған ауыл шаруашылығы құралымдары жүргізеді.

Қаражатты мақсатсыз пайдаланған жағдайда, ауыл шаруашылығы құралымы Қордың шығындарын толық көлемінде өтеуге міндетті. Бұл ауыл шаруашылығы құралымы 5 жыл бойы Қордың қаражаты есебінен кез келген түрде қолдау алу құқығынан айрылады.

Қор тендерді жеңіп алған ауыл шаруашылығы өндірушісімен элиталық тұқымдардың, асыл тұқымды малдың және аталықтардың ұрығын арзандату үшін шарт жасасады.

Қор шаруашылықтарға құнды өтеуді сатып алу шарттарын, оған ақы төлегенін растайтын құжаттарды және Ауылшарминінің Маркетинг, инвестициялар және халықаралық ынтымақтастық департаментінің қорытындысын тапсырғаннан кейін жүргізеді.

**ҚОСЫМША**

**Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорының 1998 жылға арналған**

**ШЫҒЫСТАР СМЕТАСЫ**

______________________________________________________________

| Шығыстардың баптары |Сомасы

| |(млн.

| |теңге)

__|___________________________________________________|_______

|Асыл тұқымдандыру ісін дамытуда және өсірудің озық |

|технологиясын қолдануда ауыл шаруашылығы өндірушілерін |

|қолдау: | 500

|1. Асыл тұқымдандыру ісін дамытуда ауыл шаруашылығы |

|өндірушілерін қаржылық қолдау, барлығы | 457

|оның ішінде: |
|* асыл тұқымдандыру мақсатында асыл тұқымды малды, |
| аталықтардың ұрықтарын, жұмыртқаларды өткізгені үшін | 207
|* асыл тұқымды аналықтарды ұстау үшін | 150
|* жануарларды сауықтыру үшін | 100
|2. Австралия мериносы тұқымы қойларын көбейту үшін, | 10
|барлығы |
|оның ішінде: |
|* Австралия мериносы тұқымды қойларды Австралиядан | 6
| сатып алу үшін |
|* өзі өсірген Австралия мериносы тұқымы қойларын және | 4
| ұрықтарын өткізгені үшін |
|3. Ашық түсті, қылшықты және жартылай қылшық жүнді | 3
|қойларды өткізгені үшін |
|4. Мамандандырылған құс өсіруші шаруашылықтар үшін | 30
|құрама жемнің құнын арзандату үшін |
__|______________________________________________________________|_______
|Қой шаруашылығын дамыту үшін ауыл шаруашылығы | 400
|өндірушілеріне қаржылық көмек көрсету, барлығы |
|оның ішінде: |
|* жүн өткізгені үшін | 380
|* қаракөл елтірілерін өткізгені үшін | 20
__|______________________________________________________________|_______
|Тұқым шаруашылығын дамытуда және ауыл шаруашылығы |
|дақылдарын өсірудің озық технологияларын өндіріске |
|енгізуде ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, |
|барлығы | 900
|оның ішінде: |
|1. Минералдық тыңайтқыштарды сатып алуды ауыл шаруашы | 100
|лығы өндірушілерін қаржылық қолдау |
|2. Өсімдік қорғау құралдары | 400
|3.Өсімдік дақылдарының тұқым шаруашылығын дамытуда ауыл| 400
|шаруашылығы өндірушілеріне мемлекеттік қолдау жасау |
__|______________________________________________________________|_______
|Ауылда шағын және орта агробизнесті дамытуға қаржылық |
|көмек көрсету | 564
|Резерв | 119*
|Басқару аппаратын ұстау | 17
__|______________________________________________________________|_______

|Барлығы |2500

__|_____________________________________________________|_______

Ескерту: Резерв қаражаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша іске асырылады.

**1-қосымша**

___________________

Мал шаруашылығын асыл тұқымдандыру
жөніндегі облыстық акционерлік
компанияның атауы

**199__ ж. "__________" дан "____________"_______ дейінгі кезеңде өткізілген асыл тұқымды мал үшін төленуге тиісті қаржылық қолдаудың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

__________________________________________________________________

Асыл |Асыл |А/ш мал.|Мал сатып | Өнімнің |Бір тонна тірі
тұқымды |тұқымды |дарының |алынған | көлемі |салмаққа ет
малды |малды |түрлері |құжаттың |_____________|комбинаттарын.
берушінің|алушының| |уақыты мен| бас |тірі |да қойылған
атауы |атауы | |нөмірі | |салмағы|баға (мың
| | | | |(тн) |теңге)

_________|________|________|__________|_____|_______|______________

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

_________|________|________|__________|_____|_______|______________

__________________________________________________________________

Коэффициентті|Өткізілген|Қаржылық |Қаржылық қолдау| Өткізілгені
ескергендегі |малдың |қолдау |_______________|_______________
өткізу бағасы|жалпы құны|шегерілген|1т. сал.|Қаржы.|рес. |респуб.
(мың теңге) | |малдың |макқа |лық |пуб. |ликадан
| |өткізілген|(мың |қол. |лика. |тыс
| |құны |тг.) |жалпы |дан |
| | | |сомасы|тыс |
| | | |(т.тг)|_______|_______
| | | | |бас|тн |бас| тн

_____________|__________|__________|________|______|___|___|___|___

8 | 9 | 10 | 11 | 12 | | | |

_____________|__________|__________|________|______|___|___|___|___

Барлығы:

Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі
облыстық акционерлік компанияның төрағасы (Т.А.Ә., қолы)
(Т.А.Ә., қолы)

Бас бухгалтер (мөр) "_____"________ 1998 ж.
облауылшар. басқармасымен (департаментімен)
келісілген (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**2-қосымша**

___________________
Мал шаруашылығын асыл тұқымдандыру
жөніндегі облыстық акционерлік
компанияның атауы

**199__ ж. "__________" дан "____________"_______ дейінгі кезеңде өткізілген асыл тұқымды малдың ұрығы үшін төленуге тиісті қаржылық қолдаудың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

| Өнімді сатып алушының атауы | Өнім берушінің атауы | Өнім жіберуге арналған құжаттың уақыты мен нөмірі | Мал аталығы ұрығының өлшемі | құны: 1 өлшем (теңге) | құны: Жалпы сомасы (теңге) | Қарж.колд. шегеріп тастағандағы өткізілген өлшемнің құны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| Қаржылық қолдау: 1 өлшем үшін (теңге) | Қаржылық қолдау: Жалпы сомасы (мың теңге) |
|---|---|
| 8 | 9 |

Барлығы:
Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі
облыстық акционерлік компанияның төрағасы (Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
"_____"________ 1998 ж.
Облауылшар. басқармасымен (департаментімен)
келісілген (мөр)

**3-қосымша**

**199__ ж. "__________" дан "____________"_______ дейін ауылшаруашылықтарға асыл тұқымды жоғары сатыдағы (элита және 1-сынып) аналықтарды ұстау үшін төленуге тиісті қаржылық қолдаудың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

________________________________________________________________________

Асыл |Ауыл |1.01 дейінгі | Оның ішінде |Қаржылық қолдау

тұқымды |шаруашы.|асыл тұқымды |__________________|_________________

шаруашы. |лығы |малдың саны |аналықтар|элита |1 басқа |жалпы

лықтардың|малдары.|(басы) | |және 1 |(теңге) |сомасы

атаулары |ның | | |сынып. | |(мың

туралы |түрлері | | |тылар | |теңге)

_________|________|_____________|_________|_______|________|_______

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

_________|________|_____________|_________|_______|________|_______

Барлығы:

Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі

облыстық акционерлік компанияның төрағасы (Т.А.Ә., қолы)

Бас бухгалтер (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

"_____"________ 1998 ж.

Облауылшар. басқармасымен (департаментімен)

келісілген (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**4-қосымша**

___________________

Мал шаруашылығын асыл тұқымдандыру

жөніндегі облыстық акционерлік

компанияның атауы

**199__ ж. "__________" дан "____________"_______ дейін құс санын толықтыру үшін өткізілген асыл тұқымды жұмыртқа үшін төленуге тиісті қаржылық қолдаудың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

________________________________________________________________________

Өнімді |Өнім |Өнімнің |Өнімнің сатып|Өнімнің|Өткізілген|Қаржы.

берушінің|алушының|(жұмырт.|алынған |көлемі |өнімнің |лық қол

атауы |атауы |қалар) |құжаттың |(дана) |жалпы |даудың

| |түрлері |уақыты мен | |құны |құны

| | |түрі | | |шеге.

| | | | | |рілген

| | | | | |өнімнің

| | | | | |бағасы
_________|________|________|_____________|_______|__________|_______
1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7
_________|________|________|_____________|_______|__________|_______

______________________________________

Қаржылық қолдау| Өткізілгені
_______________|________________________
1000 |жалпы |республи. |республика
данаға |сомасы|кадан тыс |іші
|(мың |___________|___________
|тг) |мың |сомасы|мың |сомасы
| |дана|тг. |дана|тг
________|______|____|______|____|______
8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13
________|______|____|______|____|______
Барлығы:
Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі
облыстық акционерлік компанияның төрағасы (Т.А.Ә., қолы)
(Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (мөр) "_____"________ 1998 ж.
Облауылшар. басқармасымен (департаментімен)
келісілген (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**5-қосымша**

__________________
Мал шаруашылығын асыл тұқымдандыру
жөніндегі облыстық акционерлік
компанияның атауы

**Сатып алынған ашық жүнді қошқарлар үшін төленуге тиісті қаржылық қолдаудың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

_________________________________________________________________
Берушінің |Алушының, |Қылшықты |Мал сатып|Өнімнің көлемі|Бір
асыл тұқымды |шаруа |және |алынған |______________|тонна
шаруашылықтың|қожалығының|жартылай |құжаттың | бас |тірі |тірі
атауы |АҚ, атауы |қылшықты |уақыты | |салмағы салмаққа
| |жүнді |мен | |(тн) |ат ком.
| |қойлардың|нөмірі | | бинатта.
| |атауы | | | |рында
| | | | | |қойыл.

| | | | | |ған ба.
| | | | | |ға (мың
| | | | | |теңге)
______________|____________|__________|__________|_____|_________|_______
1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7
______________|____________|__________|__________|_____|_________|_______

________________________________________________________________________
Коэффициентті|Өткі. |Қаржылық|Қаржылық қолдау| Өткізілгені
ескергендегі |зілген|қолдау |________________|_______________________
өткізу бағасы|малдың|шегеріл.|1 басына|Қаржы.|республи. |республика
(мың теңге) |жалпы |ген мал.|теңге |лық |кадан тыс |ішінде
|құны |дың бір | |қолдау|__________|__________
| |басының | |дың |бас |тн |бас |тн
| |және ті.| |жалпы | | | |
| |рі сал. | |сомасы| | | |
| |мағының | |(тең. | | | |
| |өткізіл.| |ге) | | | |
| |ген құны| | | | | |
______________|______|________|________|______|____|_____|____|______
8 | 9 | 10 | 11 | 12 | | | |
______________|______|________|________|______|____|_____|____|______
Барлығы:
Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі
облыстық акционерлік компанияның төрағасы (Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
"_____"________ 1998 ж.
Облауылшар. басқармасымен (департаментімен)
келісілген (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**6-қосымша**

**1998 ж. "__________" дан "____________"_______ дейінгі кезеңде _______________ _ облысының асыл тұқымды құс шаруашылықтарының құрама жем сатып алу туралы ЖИЫНТЫҚ АНЫҚТАМА**

________________________________________________________________________
Асыл тұқымды құс |Берушінің|Құрама жемді|Тонна| Қаржылық көмек
шаруашылықтарының|атауы |сатып алу |саны |______________________
атауы (сатып | |жөніндегі | |бір тонна |сомасы,
алушы) | |құжаттың | |үшін |теңге
| |уақыты мен | | |(гр.4х
| |нөмірі | | |гр.5)

___________________|__________|_____________|______|___________|__________

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6

___________________|__________|_____________|______|___________|__________

ЖИЫНЫ:

Шаруашылық басшысы /қолы/

Бас бухгалтер /қолы/

Мөр "____"______ 1998 ж.

Келісілген:

Облауылшар, басқармасымен (департаментімен) /қолы/

Ауылшаруашылығын қаржылық қолдау

Мемқордың облыстық бөлімшесімен /қолы/

**7-қосымша**

**_________________ облысының қой өсіруші шаруашылықтары 199_____ жылы ( өткен ай) өндірген жүні, оның қозғалысы және өткізілген мөлшері мен қажетті қаржылық қолдау сомасының есебі туралы**

**АНЫҚТАМА**

_____________________________________________________________________________

Шаруа.|1.01-іне |Қырқыл.|1 бастан |Барлық |Жүннің| Оның ішінде

шылық |дейінгі |ған қой|қырқылған|қырқыл.|түрі |__________________

атауы |барлық |(бас) |жүннің |ған жүн| |Өткізілген таза

|қой (бас)| |орташа |(тонна)| |талшықты жүн

| | |түсімі | | |(тонна)

______|__________|________|__________|________|______|__________________

_____________________________________________________________________________

Оның ішінде

_____________________________________________________________________________

мұнда

_____________________________________________________________________________

ЖАӨ фабрикаларына|Дайындаушы |коммерциялық |республикадан

|кәсіпорындар |құрылымдар |тыс жерлерге

|және ұйымдар |үшін |

|үшін | |

___________________|_________________|_________________|__________________

барлығы, |барлығы, |барлығы, |барлығы,

тонна |тонна |тонна |тонна

___________________|_________________|_________________|__________________

табиғи |таза |заттай |таза |заттай |таза |заттай |таза

салмағы|талшығы |салмағы|талшығы|салмағы|талшығы|салмағы|талшығы

________|__________|________|________|________|________|________|__________

Ескерту: Жүннің сапасы бойынша әртүрлі мөлшерлерде қаржылық қолдау көрсету үшін аталған ақпарды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жүннің мынадай түрлері бойынша жеке толтырады:

биязы және жартылай биязы жүн;

қылшықты және жартылай қылшықты ашық түсті жүн;

ақ және ашық түсті қылшықты немесе жартылай қылшықты жүндер.

ЖАӨ фабрикаларына, дайындау ұйымдарына, коммерциялық құрылымдарға және республикадан тыс жерлерге өткізілген жүндерге балақ, желбіршек, шүйделенген, тезекті пұшпақ жүндер үшін қаржылық қолдау жасалмайды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының
(департаментінің) бастығы (Т.А.Ә., қолы)
Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қолдау қорының
облыстық бөлімшесінің директоры (күні және
ұйымдардың мөрі) (Т.А.Ә., қолы)

**8 қосымша**

**199__ ж. (өткен ай) ______________________**
**(шаруашылықтың атауы, аудан)**
**жүннің өндірілуі, қозғалысы және өткізілгені туралы**
**АНЫҚТАМА**

___________________________________________________________________

Қойдың|Барлығы, |Қырқыл.|Орташа 1 |Барлық | Оның ішінде
тұқымы|қой |ған қой|қой басы.|қырқыл.|________________________
Жүннің|1.01-іне |(бас) |нан алын.|ған жүн|Өткізілген таза талшықты
түрі |(бас) | |ған жүн |(тонна)| жүн (тонна)
| | |(тонна) | |
______|_________|_______|_________|_______|________________________

___________________________________________________________________

Оның ішінде

___________________________________________________________________

мұнда

___________________________________________________________________

ЖАӨ фабрикаларына|Дайындаушылар |коммерциялық |республикадан
|мен ұйымдарға, |құрылымдарға |тыс жерлерге
|кәсіпорындарға | |
| | |
_________________|_______________|_______________|_________________
барлығы, |барлығы, |барлығы, |барлығы,
тонна |тонна |тонна |тонна
_________________|_______________|_______________|_________________

табиғи |таза |табиғи |таза |табиғи |таза |табиғи |таза
салмақ |талшық |салмақ |талшық |салмақ |талшық |салмақ |талшық
_______|_________|_______|_______|_______|_______|_______|_________

Шаруашылық басшысының, бас бухгалтердің жазбасы
(уақыты, шаруашылық мөрі)

Ескерту.

Анықтамаға басшы қол қойған, тиісті сатып алушының мөрі басылған мынадай құжаттар қоса беріледі:

ЖАӨ фабрикасының және дайындау ұйымдарының жүннің тиісті түрін сатып алғаны туралы анықтама;

Сатылған жүн үшін коммерциялық құрылымдардың ақы төлегені туралы шартпен банк куәлігінің көшірмесі;

ЖАӨ фабрикаларына, дайындау ұйымдарына, коммерциялық құрылымдарға және республикадан тысқары жерлерге сатылған жүндерге сорты төмен жүндер: желбіршек жүн, балақ жүн, шүйделенген жүн, тезекті пұшпақ жүн қаржылық қолдау оларға бөлінбейтін болғандықтан кіргізілмейді.

**9 қосымша**

**Облыстың қой өсіруші шаруашылықтарының 199__ж. өткен айда бірінші сортты қаракөл елтірілерін өндіруі және өткізуі туралы**

**АНЫҚТАМА**

___________________________________________________________________

Шаруашылық.|1.01-іне|Оның |Елтірі| Оның ішінде
тардың |малдың |ішінде |үшін |_____________________________
атауы |басы |саулықтар|сойыл.|Барлық | мұнда
| |(бас) |ғаны |өткізіл.|____________________
| | |(басы)|гені |Дайындау ұйымдары
| | | |(дана) |мен кәсіпорындарына
| | | | |____________________
| | | | | Барлығы
| | | | |____________________
| | | | |1 сорт, |карж. колд.
| | | | |дана | сомасы
___________|________|_________|______|________|________|___________
1 2 3 4 5 6 7
___________|________|_________|______|________|________|___________

Ескерту:

Қаржылық қолдау тек бірінші сортты қаракөл елтірісіне ғана бөлінеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының (департаментінің) бастығы

(Т.А.Ә., қолы)
Мемлекеттік ауылшаруашылығын қаржылық
қолдау қорының облыстық бөлімшесінің
директоры (уақыты және ұйымдардың
мөрлері) (Т.А.Ә., қолы)

**10 қосымша**

**1998 жылдың басынан бастап Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры қаражатының есебінен арзандатылуға тиісті минералдық тыңайтқыштарды немесе өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану туралы**

**АНЫҚТАМА**

___________ айы-күніне қарай өсіп отырады

____________________________________________________________________
N |Химиялық |Өткізілгені |Өнім |Толық |Арзандатуға бөлінген
р/с|құралдардың|(тонна/литр)|бірлігінің|құны | қаражат
|атауы | |бағасы |(тың |____________________
| | | |теңге)|мың |млн. |арзан.
| | | | |теңге|теңге|датылу
| | | | | | |%-і
___|___________|____________|__________|______|_____|_____|________
1 2 3 4 5 6 7 8
___|___________|____________|__________|______|_____|_____|________

_____________________________________________________
Дақылдың атауы| Өңделгені |Химиялық құралдар
|__________________|алған а/ш
|Мың га.|Сатылған |өндірушісінің
| |заттар |деректемелері
| |тонн/литр)|
______________|____________________________________
9 10 | 11 | 12
______________|_______|__________|__________________

ЖИЫНЫ:
Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының (департаментінің)
бастығы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Облыстық өсімдіктерді қорғау
станциясының бастығы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Мемлекеттік ауылшаруашылығын
қаржылық қолдау қоры
облыстық бөлімшесінің директоры (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

11 қосымша

**Дәнді дақылдар элитасының, жүгерінің аталық түрлерінің, күнбағыстың элитасы мен бірінші буынының, қант қызылшасының, көп жылдық өсімдіктердің элита тұқымдарын іс жүзінде өткізу және сатып алу және 1998 жылы төленуге жататын, арзандату қаражаттарының сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

______________________________________________________________
Атауы |Дәнді |Уақыты, |Өнім |Тауарлы |Үстеме|1 тонна
|дақыл,|тұқымның |мөл. |өнімнің |сор. |үшін
|сорты,|сатып |шері |қалыптасқан|тының |сорт-үс.
|түсімі|алынғанын|(тон.|құны (мың |%-і |теменің
| |растайтын|на) |теңге) | |сомасы
| |құжат | | | |(мың
| |нөмірі | | | |теңге)
_______________| | | | | |
Тұқымды |Тұқымды| | | | | |
өткізген|алған | | | | | |
шаруа. |шаруа. | | | | | |
шылық |шылық | | | | | |
_______|______|_____|________|____|__________|_____|_______
1 2 3 4 5 6 7 8
_______|______|_____|________|____|__________|_____|_______

__________________________________________________
Барлығы |1 тонна |Өткізілген | Арзандатылғаны
сорт |тұқымның |тұқымның |
үстеме |құны |құны, |
(мың тг.)|(мың тг.)|(мың тг.) |
| |арзандатылған|
| |сомасы |
| |шегерілген |
| | |__________________
| | |тұқым.| % |жалпы
| | |ның 1 | |сомасына
| | |тонна | |(мың
| | |(мың | |теңге)
| | |теңге)| |
________|________|____________|_____|__|________
9 10 11 12 13 14
________|________|____________|_____|__|________

ЖИЫНЫ:
Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының (департаментінің)
бастығы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Элиталық тұқым шаруашылығының
басшысы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**12-қосымша**

**Іс жүзінде сатылған элиталық картоптың тұқымдары және 1998 жылы Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорынан төленуге тиісті қаражаттар туралы**

**АНЫҚТАМА**

___________________________________________________________________________
N | Атауы |Дақыл,|Тұқымның |Өнім. |1 т эли.|1 тонна|Барлық
р/с|________________|сорты,|сатылғанын|нің |талық |үшін |арзан.
|Элиталық|Тұқым |түсімі|растайтын |көлемі|картоп. |арзан. |датыл.
|тұқым |алған | |құжаттың |(тонна)|тың |датыл. |ғаны
|сатқан |шаруа.| |уақыты, | |қалып. |ған |(мың
|шаруа. |шылық | |нөмірі | |тасқан |сома |тг.)
|шылық | | | | |құны |(мың |
| | | | | |(мың |тг.) |
| | | | | |тг.) | |
___|_________|_______|_______|___________|_______|_________|________|_______
1 2 3 4 5 6 7 8 9
___|_________|_______|_______|___________|_______|_________|________|_______

ЖИЫНЫ:
Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының (департаментінің)
бастығы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Элиталық тұқым шаруашылығының
басшысы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**13-қосымша**

Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының, департаментінің
атауы

**Элиталық-картоп тұқымдарын іс жүзінде өткізу мен сатып алу және 199_ ж. ______ _______ өткізілген тұқым үшін төленуге тиісті қаражаттың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

____________________________________________________________

Атауы |Дақыл,|Тұқымның |Өнім. |1 тонна|Барлық
_______________|сорты,|сатылғанын|нің |үшін |арзан.
элита |элита |түсімі|растайтын |көлемі|арзан. |датыл.
тұқымын |тұқы. | |құжаттың |(тон. |датыл. |ғаны
сатқан |мын | |уақыты, |на) |ған |(мың
шаруа. |алған | |нөмірі | |сома |тг.)
шылық |шаруа.| | | |(мың |
|шылық | | | |тг.) |
| | | | | |
________|______|______|__________|______|_______|______
1 2 3 4 5 6 7
________|______|______|__________|______|_______|______
ЖИЫНЫ:
Облыстық ауыл шаруашылығы
басқармасының (департаментінің)
бастығы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Элиталық тұқым шаруашылығының
басшысы (мөр) (Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (мөр) (Т.А.Ә., қолы)

**14-қосымша**

**1998 ж. "___"дан "________"____________ дейінгі кезеңде іс жүзінде сатып алынған тұқымдар мен төленуге тиісті қаражаттардың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

_________________________________________________________________
Шаруа. |Асыл тұқымды|Асыл тұқымды|Мал | Мемлекеттік қаржылық
шылықтың|шаруашылық |мал сатып |басының|қолдау қорынан бөлінуге
атауы |берушінің |алынған |саны | тиісті
(сатып |атауы |құжаттың | |________________________
алушы) |(сатушы) |уақыты мен | |1 бас үшін | барлығы
| |нөмірі | | (теңге) | (теңге)
________|____________|____________|_______|___________|____________
1 2 3 4 5 6
________|____________|____________|_______|___________|____________
Мемлекеттік ауылшаруашылығын қаржылық
қолдау қорының облыстық бөлімшесінің
директоры қолы
Бас бухгалтер қолы
мөр "__"____ 199_ж.
Облауылшар. басқармасымен (департаментімен) келісілген (мөр)

**15-қосымша**

**1998 ж. "___"дан "________"____________ дейінгі кезеңде іс жүзінде сатып алынған тұқымдар мен төленуге тиісті қаражаттардың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

______________________________________________________________________________

Шаруа. |Элита |Тұқым |Көлемі | Мемлекеттік қаржылық
шылықтың|шаруашылық |сатып |(тонна)|қолдау қорынан бөлінуге
атауы |берушінің |алынған | | тиісті
(сатып |атауы |құжаттың | |________________________
алушы) |(сатушы) |уақыты мен | |1 тонна үшін | барлығы
| |нөмірі | | (теңге) | (теңге)
________|____________|____________|_______|_____________|___________
1 2 3 4 5 6
________|____________|____________|_______|_____________|___________

Шаруашылық басшысы (Т.А.Ә., қолы)
Мемлекеттік ауылшаруашылығын қаржылық
қолдау қорының облыстық бөлімшесінің
директоры (Т.А.Ә., қолы)
Бас бухгалтер (Т.А.Ә., қолы)
"__"____ 199_ж.
Облауылшар. басқармасымен (департаментімен) келісілген (мөр)

**16-қосымша**

**1998 ж. "___"дан "________"____________ дейінгі кезеңде іс жүзінде сатып алынған аталықтардың ұрықтары мен төленуге тіисті қаражаттардың сомасы туралы**

**АНЫҚТАМА**

______________________________________________________________________________

Шаруа. |Элит. |Тұқым |Сатып | Мемлекеттік қаржылық
шылықтың|шаруашылық |сатып |алынған|қолдау қорынан бөлінуге
атауы |берушінің |алынған |ұрықтың| тиісті
(сатып |атауы |құжаттың |құны |________________________
алушы) |(сатушы) |уақыты мен | |1 тонна үшін | барлығы
| |нөмірі | | (теңге) | (теңге)
________|____________|____________|_______|_____________|___________
1 2 3 4 5 6
________|____________|____________|_______|_____________|___________

Мемлекеттік ауылшаруашылығын қаржылық
қолдау қорының облыстық бөлімшесінің
директоры қолы
Бас бухгалтер қолы

мөр "__"____ 199_ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК